КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 маусым №3115-23-00-2/704 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева
сот отырысының хатшысы Р.Ахметова
ашық сот отырысында қойылған талап қоюы бойынша азаматтық ісін қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Тұрар Рысқұлов аудандық «Мәлс Өзбеков атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «BLACKY» Балнұр Есенқызы Тұрарова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Шартты бұзу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Б.Устемиров, талап қоюшы өкілі Н.Абдрахманов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Тұрар Рысқұлов аудандық «Мәлс Өзбеков атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – талап қоюшы) және жеке кәсіпкер «BLACKY» Балнұр Есенқызы Тұрарова (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2023 жылдың 21 ақпанында бағасы 45 000 теңгеге «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» №230027 Шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған. Жауапкер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 1 350 теңге енгізген.

Шарттың №1 қосымшасына сай, жауапкер «Электр шайнегі» тауарын келісім шарт жасалған күнінен басталып 15 күн аралығында жеткізу міндетін алған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 8.1 тармағына сай, Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады, яғни тауарды жеткізу мерзімі 2023 жылдың 09 наурызына көзделген.

Жауапкермен Шарт міндеттері орындалмаған.

Тапсырыс беруші 21 сәуір 2023 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жауапкерге Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдаған.

Шарт 2023 жылдың 01 маусымында бұзылған.

Талап қоюшы, жауапкер Шарт міндеттерін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және Шартты бқзу туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға жазбаша қарсы пікір келтірмеді.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Н.Абдрахманов: талап қоюды толық қолдап, жауапкер Шартта көзделген тауарды жеткізбегенін көрсетіп, тараптар арасында жасалған Шарт 2023 жылдың 21 маусымында бұзылғанын көрсетіп. Талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының болатын күні мен уақыты туралы тиісінше бірнеше рет хабарланды. Сот отырысы Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196 бабының 4 бөлігіне сай қаралды.

Прокурор Б.Устемиров: талап қою ішінара, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде қанағаттандырылуға, Шартты бұзу бөлігінде қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады деп қортынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сай, міндеттеме-міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Шарттың 3.1 тармағының 1) тармақшасына сай, өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Алайда, Шарт міндеттері белгіленген мерзімге және шарттың жарамдылық мерзімі ішінде 2023 жылдың 21 маусымына дейін орындалмаған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3 тармақшасына сай (бұдан әрі - Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 19.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2023, судья Сарсенбиева Б. С., 26.07.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мердігерді жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін кінәсі болуы керек.

АК-нің 349 бабына сай, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 359 бабына сай, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Жауапкермен Шарт міндеттерін орындағанын және орындау үшін қолданылған іс-әрекеттерін растайтын, сондай-ақ талап қою уәждерін жоққа шығаратын дәлелдер ұсынбады.

Жоғарыдағылардың негізінде талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған талабы қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Талап қоюшы тараптар арасында 21.02.2023 жылы жасалған «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» №230027 Шартын бұзуды сұраған.

Шарттың 8.3 тармағына сай, Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4 тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп: егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осыШарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса; егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алатыны көрсетілген.

Анықталғаны, талап қоюшы Шартта көзделген құқытарын пайдалан отырып, 21 сәуір 2023 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жауапкерге Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдаған.

Хабарлама жауапкермен 24 сәуір 2023 жылы оқылған.

Шарт біржақты 2023 жылдың 01 маусымында бұзылған. Жауапкермен ескертулер және шағым келтірілмеген.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының Шартты бұзуды сұраған талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабының 1 бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 19.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2023, судья Сарсенбиева Б. С., 26.07.2023

3115-23-3-1/895

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Тұрар Рысқұлов аудандық «Мәлс Өзбеков атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «BLACKY» Балнұр Есенқызы Тұрарованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BLACKY» Балнұр Есенқызы Тұрарова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BLACKY» Балнұр Есенқызы Тұрароваданмемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Тұрар Рысқұлов аудандық «Мәлс Өзбеков атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 21.02.2023 жылғы №230027 «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» Шартты бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім түпкілікті нысанда 19 маусым 2023 жылы әзірленді.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 19.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2023, судья Сарсенбиева Б. С., 26.07.2023

3115-23-3-1/895